



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

қонақ үйлер құрайды. Сондықтан санаты жоқ қонақ үйлер көп болғандықтан 5-жұлдызды қонақ үйлерден аса мықты болу керек.

Басқа да қарқынды дамып келе жатқан сектордың орналастыру құралдарының бірі – хостельдер. Ол жастар немесе студенттерге эконом-класс қызметтерін көрсетеді. Қазір кәсіпкерлер оған үлкен көңіл бөлуде. Өйткені, бүгін визасыз келуге болатын 20 мемлекеттің шетел азаматтарына әсіресе, жастарға, хостельде орналасуға тиімді. Қазіргі жастарымыз не қалайды?! Әрине, арзан хостельдер.

Қонақ үй бизнесінің дамуындағы кез келген қаланың жергілікті әкімшілігі үлкен рөл атқарады. Бұл ретте Астана қаласы әкімдігі елордада құрған «Астана Конвеншн Бюро компаниясы» (Astana Convention Bureau) үлкен көңіл бөлуге тұрарлық, қала туризмін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған. Қазір компания қалаға көрмелер, форумдар, симпозиумдарды өткізуді тартумен, қонақ үй бизнесін дамыту мәселелерімен белсенді айналысады және жұмыс істейді. Қонақ үй қызметтер сапасын жақсарту үшін жоғары қызығушылықтардың бар екеніне көз жеткізуге болады.

Болашаққа – үлкен үмітпен!

Біз сенімдіміз, қазіргі дағдарыс жағдайына қарамастан қазақстандық қонақ үйлердің жағдайы жыл өткен сайын жақсара бастайды. Бұған көптеген себептер бар. Кәсіпкерлік нарықтың қызығушылығы арта түсті. Мемлекеттік деңгейдегі Универсиада мен ЕХРО сияқты оқиғалар бізге жүктеуді арттыруға мүмкіндік береді және біздің кәсіпорындарға табыс алып келеді. Екінші жағынан, әлбетте, егер Қазақстанның қонақ үй нарығы тек қонақ үйлер мен туристік өнімдерді жарнамалайтын болса, онда біздің бір жақсы нәтижелерге қол жеткізуіміз екіталай. Біз үміттенеміз, Астана қонақ үй көшбасшылары бұл жолда алда жүреді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 <http://www.Malimetter.kz> Туризм дамыту проблемасына теориялық негіздеме (қаралған күні: 23.02. 2017).
- 2 <http://www.studfiles.ru/preview/> Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Туризм индустрия. – Алматы, 2015-2016 (қаралған күні: 24.02. 2017).
- 3 Муталиева Л.М. Қазақстанның қонақ үй және мейрамхана нарығы: заманауи жағдайы, беталыстары мен маркетингтік аспектілер. – Алматы, 2013. – 7-11 бет.

ӘОК 338.46

### **ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ АСПЕКТІСІ**

**Аубакирова Дария Ержанқызы**

[aubakirovade@mail.ru](mailto:aubakirovade@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова

Қазіргі кезде қонақжайлылық индустриясы басқа салалармен салыстырғанда ең жоғары қарқынмен даму сатысындағы индустрия. Туризм индустриясы ол қызмет инфрақұрылымының барлық формаларына кіретін көңіл көтеру мен демалуда, табиғаттағы рекреациялық байлыққа сүйене отырып, тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға негізделген көпқырлы қызметтердің жүйесі. Туристік кәсіпорындардың ресурстарға байланысты орнығуы мен маусымдылығына байланысты қызмет көрсетуде жоғары қаржы мен инвестициялауға негізделіп отыр. Туризм индустриясы туризмге байланысты қызметті жасау мен сатуға байланысты маманданған қызмет көрсетуге бағытталған кәсіпорындармен

сипатталады және тұтынушылардың есеп айырысу қабілетінің мұқтаждығын қанағаттандыруға экономиканың мамандандырылған бір саласы болып табылады.

Туризм индустриясы мен қонақжайлылық индустриясының арасында айырмашылықты қалай көруімізге болады деген сұрақтар туындауы мүмкін. В. Фрейер ұсынған сызбасында келесі айырмашылықты көрсетуге тырысқан: біріншіден, туризм индустриясы тар мағынада, ол туристік қызметтерді ұсынатын және қызметтерді көрсететін кәсіпорындар қызметтерінің жиынтығы (сурет 1). Ал, кең мағынада туристік қызметті көрсететін және ұсынатын қосалқы кәсіпорындар. Сонымен қатар, туристік индустрияда жарнама қызметіндегі қызметтерді жатқызған[1].



Сурет 1. В. Фрейердің пікірі бойынша туризм индустриясының жүйесі  
Ескерту – сурет автормен [1] негізінде құрылды

Туризм индустриясы – бұл демалу және көңіл көтеру түрлеріне деген күрделі және әркырлы сұранысты қанағаттандыруға бағытталған салалар мен бөлімдер кешенінен тұратын экономикалық жүйе. Туризм индустриясы туризмдегі кәсіпорындардың қызметін сатуға және құруға кәсіптенген қызмет көрсетуші ұйымдармен сипатталады.

Қонақжайлық- туристердің ғана емес және жалпы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырудағы нақты түсінік. Қонақжайлық индустриясы - туристердің кез-келген сұраныстары мен тілектерін қанағаттандыратын қызметкерлердің жұмыс істейтін кешенді саласы. Осының барлығын өзінің дамуының жылдамдығымен таң қалдыратын туристік индустрия деп атауға болады [2].

Туризм индустриясы мен қонақжайлық индустриясын бөліп қарастыруға болмайды, себебі туристтер де еліміз үшін тұтынушы болып табылады. Қонақжайлықтың және туризмнің арасындағы байланыс келесі суретте көрсетілген (сурет 2,3).



Сурет 2. Туризм және қонақжайлық индустриясының секторлары мен ұйымдары  
Ескерту – сурет автормен [2] негізінде құрылды



Сурет 3. Туризм мен қонақжайлық индустриялары арасындағы өзара байланыс  
Ескерту – сурет автормен [2] негізінде құрылды

Халықаралық ынтымақтастық бірнеше елдер арасындағы туристік қызметтің дамуы бойынша келісімділік пен серіктестікті қарастырады. Мұндай ынтымақтастықтардың түрлеріне халықаралық конференциялар, ассамблеялар, конгресстер, форумдар, жиналыстар мен басқа да ұйымдастырылған іс-шаралар жатады [3]. 2017 жылы өткен халықаралық ЭКСПО-2017 айтуға болады.

Халықаралық конференция – өзара қызығушылық танытатын сұрақтарды талқылауы үшін бірнеше ел өкілдерінің ресми кездесуі. Құқықтық институт секілді халықаралық конференциялардың халықаралық ұйымдармен ортақ байланыстары көп.

Туризм және қонақжайлық саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға кепілдік беретін маңызды халықаралық нормативті-құқықтық актілердің негізгі жай-күйін қарастырайық.

1. Әлемдік туризм бойынша Манила декларациясы (1980ж.) алғаш рет халықаралық деңгейде халықаралық қатынастарда туризмнің маңызды орын алатындығын анықтады. Қабылданған құжатта көрсетілген:

- туризм әлемдік экономикалық қызметтің алдыңғы салаларына айналып жатыр;
- туризм жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті орнату барысында маңызды роль атқарады және елдер арасындағы ынтымақтастыққа, өзара түсінушілікке және теңдікке жағдай жасайды.



2. Акапулько құжаты (1982 ж.) Бүкіләлемдік туризм ұйымы келесі ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша мемлекеттерге шұғыл тапсырмаларды жүктеді:

- барлық тұрғындар үшін демалыс пен бос уақытқа құқықты таныту;
- аумақ шекарасынан шығуға, саяхаттауға байланысты шынайылықпен валюталық нормалар және медициналық ережелер, кедендік формальдылықтарды жеңілдету;
- табыс көзі орташа және төмен туристерге, әсіресе жастарға, егде жастағы адамдарға, физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жеңілдік тарифтерін дайындау жолымен тасымалдау жағдайын (ауа, теміржол, теңіз, автокөлік) жақсарту;
- табыс көзі орташа тұрғындарға арналған қонақжайлық инфрақұрылымды бейімдеу және туристік нысандардың құрылысы барысында елдің салт-дәстүрлеріне сәйкес келетін тұжырымдамаларды ұстану;
- елдің туристік ресурстарын: табиғи, мәдени, тарихи және рухани ресурстарын тиімді пайдалану;
- қоршаған ортаны, сонымен қатар елдің табиғи, тарихи және мәдени игіліктерін қорғау;
- туристік сипаттағы жарнама-ақпараттық материалдың шығарылуы және оның заманауи коммуникация құралдары және байланыстары арқылы көпшілікке жария ету.

3. Туризм хартиясы (1989 ж.) демалыс пен бос уақытқа әр адамның құқығы бар екендігін мойындады. Елдерге ішкі және халықаралық туризмнің үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған саясатты жүргізу ұсынылды.

4. Турист кодексі (1985 ж.) елге келген туристердің жалпы құқықтары мен міндеттерін анықтады. Бұл құжат бойынша, туристер өз әрекеттерімен халық арасындағы өзара түсінушілік пен достық қарым-қатынасқа жағдай туғызып, бейбітшіліктің сақталуына көмектесуі қажет. Туристер уақытша болған елдерде және транзит орындарында болып отырған елдің ережелері мен заңдарына бағынып, саяси, әлеуметтік, моральдық және діни салт-дәстүрлерін сыйлау керек.

5. Туризм бойынша Гаага декларациясы (1989 ж.) туристік қызметті, сонымен қатар туристік кәсіпорындарды және туристерді реттейтін мекемелер, жеке және мемлекеттік ұйымдар, үкімет, парламент басқаруы тиіс қағидаларды бекітті. Ол қағидаларға келесілер жатады:

- туризмді дамытудың негізгі шарты ретінде қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту;
- қоршаған орта мен тұрғындарды қорғау;
- әр адамның демалыс пен бос уақытқа құқығын жалпы мойындау;
- туристік сапарларды жеңілдету;
- туристерді қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6. Туризмнің жаһандық этикалық кодексі (1999 ж.) әлемдік туризмнің жауапты және тиянақты дамуы үшін бағдар кешенін орнатты. Қабылданған құжатта әртүрлі ұлттық мәдениет пен өмір салтты ұсынатын тұрақты халықаралық байланыстың арқасында туризм бейбітшілікпен қамтамасыз ету, достықты нығайту және ғаламшарымыздағы халық арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың мықты факторы болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Браймер Р.А. Основы управления в индустрии гостеприимства. Учебник. – М.:АспектПресс, 2006.243с.
2. Уокер.Дж. Введение в гостеприимство. Учебник. - М.:АспектПресс, 2009.-136с.
3. Козловский Е.В. Государственное регулирование туристской деятельности. Учебное пособие. – М.: Преженск, 2003.-97с.